

Список литературы:

1. Байгожин Д.Б. «Непрерывное образование и воспитание кадров в процессе трудового обучения в начале XXI века».
2. Дуйсенбаев К.А., Есполова А.Е. «К вопросу становления и развития теории непрерывного образования в Казахстане».
3. Мальчик А.Г., Жигалов В.Н. «Модель формирования профессиональных компетенций студентов в системе многоуровневого непрерывного профессионального образования» // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – №3.
4. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 31 января 2017 года. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность».

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Ахметжанова Арайлым Ғалымбекқызы
Ибраева Айгүл Аронқызы
«Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің
мектеп жанындағы интернатымен Ы.Алтынсарин атындағы
Обаған орта мектебі» ММ, Алтынсарин ауданы

Аннотация

Бұл мақалада қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынғаны жөнінде жазылған.

Аннотация

В этой статье четко показаны основные духовные ценности современного Казахстана. Это не только статья, но и глубоко укоренившаяся, широкая спектральная программа духовного обновления, которая поднимает дух ХХІ века. Глава государства представил национальную программу духовной реконструкции, охватывающую науку, образование, культуру и историю в целом. И в эту новую эру нация предлагает путь духовного обновления.

Abstract

This article clearly reflected the major spiritual values of modern Kazakhstan. It's not only articles, the content is deep, the range is very wide, can say, to the heights of spiritual revival of spirituality of the nation programme twenty-first century to bear. In the field of science, education, revival of national spiritual culture and history of the people's program offers a comprehensive. The path of this route for the six spiritual perfection of the nation, new time

Түйінді сөздер: Болашаққа бағдар, Рухани жаңғыру, ұлттық сана, тілдердің үштұғырлығы, білім.

Ключевые слова: Будущая ориентация, духовное обновление, национальное сознание, трюединость языков, образование.

Keywords: Orientation of Future, Spiritual revival, national consciousness, the Trinity of languages, education

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы еліміздегі саяси жүйені жетілдіруге, адами капиталдың сапасын жоғарылатуға, жаһандық экономикаға бәсекелестікті арттыруға, индустриаландыруды барынша жақсартуға арналған болатын. Еліміз жаңа кезеңге аяқ басып отырғанда басты мақсат – саяси реформа мен экономикалық жаңғырудың басталғаны паш етілді. Басты мақсат – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Елбасының күні кеше бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде еліміздің мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы өзінің көзқарастары сөз болды.

Мақаланың кіріспесінде Елбасы әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталғаны, сондықтан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп кеткен қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, нық түйістіру мүмкін еместігіне, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіру қажеттілігіне назар аударады. Мақалада тұтастай қоғамды және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыты аталып өткен. Солардың бірі – ұлттық бірегейлікті сақтау бағыты. Елбасы бұл бөлімде қазақстандықтарға екі ережені ұсынады, біріншісі – ұлттық сана - сезімінің көкжиегін кеңейту, екіншіден – ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Ұлттық мәдениет сақталмаса, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту үрдісі жүргізілмесе, ешқандай жаңғырудың болмайтынын қадап айтқан.

Нұрсұлтан Әбішұлының: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген пайымдаулары әрбір қазақстандықтың жүрегінен мықтап орын алу керек. Осы орайда, Елбасы Абайдың даналығын, Әуезовтың ғұламалығын, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері ғасырлар қойнауынан жеткен біздің рухани мәдениетіміздің бір парасаты екендігін де атап өткен.

«Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет». Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз онмыңдаған жастарды әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық - дейді Нұрсұлтан Әбішұлы. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс екендігін президент басып айтты. Кезінде ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің: «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы, қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады. Сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық еш нәрсе жоқ» деген сөздері бүгінгі күнде де маңызын жойған жоқ. [5, 125 б.]

«Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» – деген президент өз сөзінде.

Білімсіз қоғамда прогресс, жаңа өрлеу мүмкін емес. Н.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қоюда. Жастар өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсамақ. [65,70 б] Елбасы қайсыбіреулердің қатаң сынына ұшыраған «Тілдердің үштұғырлығы» бағдарламасын ұсынды. Мұндағы негізгі мақсат - үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түскен жаһандану, шекара талғамайтын экономика-қаржы және ақпарат, ағымдары заманында еңбек ресурстарының бәсекелестігін арттыру мәселесі көзделген болатын. Басқаша айтқанда, мұнда мемлекеттік тіл - қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі - орыс тілін және халықаралық тіл - ағылшын тілін халықтың неғұрлым көп бөлігінің меңгеруіне бағытталады.[25, 376.] Осы жерде ерекше назар аударатын нәрсе, мемлекет басшысының «тілдердің үштұғырлығы» идеясын бүкіл ұлттық идея-деңгейіне көтеру қажет. Неге десеңіз, біріншіден, бұл идея халқымыздың болмысында ежелден-ақ бар «жеті жұрттың тілін біл» деген бағалау өлшеміне сай келеді; екіншіден, қазіргі бәсекеге негізделген өмірлік қағидалардың өзі, яғни жас ұрпақ буыннан осыны талап етіп отыр. Білімнің негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы жақсы түсінді. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан тыс қалдырмады.

Жалпы, Жолдауда айтылған барлық басымдық – елімізді одан да биік белестерді бағындыруға жетелейтін жасампаз бағдарлама. Қазақстан халқы қандай биіктік болсын

бағындыруға, қандай асу болсын алуға даяр. Жасампаз Жолдаудың басты бағытының бірі – білім саласы екенін айтып кеттік. Ия, ХХІ ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі білім беру болып отыр. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен күнге айқындалып келеді. Әрбір елдің өркендеуі, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, «Халықпен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» болмақ. Жолдаудың «Білім және кәсіби машық заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» атты бөлімінен білім беру мәселесіне баса көңіл бөлінгендігін тағы да байқаймыз. «Орта және жоғары білім берудің оқу жоспарының бағыттылығы мен басымдылықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгерту» деген ұсыныстарды көрсеткен. Бұдан алдымызда бүгінгі заман талабына сай қазақстандық білім беру жүйесін дамыту міндетінің тұрғанын мойындаймыз.

Ия, сонымен қатар, «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбием, баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» -деп, М.Жұмабаев айтып кеткендей, ата – бабамыздың ұрпағына мұра еткен бар асылының қаншама ғасырлар бойы көшпейтіндей етіп, артына із қалдыруы көрегенділіктің көрінісі. Адамзат баласының өз тіршілігінде көрген – білгенін, тоқып – түйгенін, қорытып келешек ұрпағына мирас етіп қалдырғаны - табиғи заңдылық. Адам бойында қалыптасқан имандылық қасиеттерді рухани құндылықтарға жатқызуымызға болады. Ел басымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы - Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму жолын айқындайтын, стратегия, Президентіміз Тәуелсіз Қазақстанымызды дамытудың, әрбір Қазақстандықтың, әр отбасының, жастардың және келешек ұрпақтың мүддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды.[35,64б.] «Мәңгілік Ел - жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата - бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы болатын. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік Ел!» деп елбасымыз нақты атап өткенін бәріміз де білеміз. Қазақшылық дүние танымның өзегі - адамшылдық. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің ұлағатты сөздерінен, іс - қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен - жүрекке беріліп отырған. Егеменді ел жастарының санасына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің маңызы зор. Қазақстан Республикасының баянды тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық құндылықтар, тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза елжанды азаматтар қажет. Қазақ елі үшін бар білімі мен қабілетін сарп ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының салт - дәстүрін, тарихын, дінін, мәдениетін құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу маңызды. Ел бастаған көсемі – кемел ойлы кемеңгер, халқы ел сүйсінген еңбекқор болса, ешқандай қиындық, алынбас асу жоқ. Бүгінгі нұрлы, келешегі кемел Қазақстан соның айғағы!

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» - дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылып жатқаны бәрімізге аян. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын

үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау екені нақты анық. [85, 640-б.]

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінің қорытындысын «Екі дәуір түйіскен шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін» деп түйген екен.

Жастардың борышы – Президенттің бағдарламалық мақаласында елбасы қойған міндеттерді түсіну және оны зерделеу екендігіне сенуге болады. Біздің еліміздің әлемнің ең дамыған елдерінің отыздығына табысты кіруі үшін, әөбір келешек ұрпақ негізгі оқиғалардан, жаңа ағымдардан және технологиялық үрдістен хабардар болып отыруы қажет.

Қазақ халқының шолпан жұлдыздарының бірі Мағжан Жұмабаевтың «Тәрбиеден мақсұт – баланың тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына сай қылып шығару. Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі» дегеніндей ақпараттық технологиялар заманында жоғары білімді ұлт болуымыз үшін жас ұрпақты ұлттық құндылықта тәрбиелеудің маңызы өте зор. Өскелең ұрпақтың бүгінгі келбеті еліміздің ертеңін елестетеді. Ал, ел ертеңін қалыптастыру білім беруді жаңғыртудан басталады.

Елбасының тынымсыз, ізденімпаз, ұлт көсемі ретінде өзінің даналық ойларын халқымен бөліскен бұл еңбегі, сөз жоқ, әркімнің жүрегінен орын алары сөзсіз!

Әдебиеттер тізімі:

1. «Егемен Қазақстан» газеті 12.04.2017ж.
2. Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993. [5, 125 б.]
3. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері Алматы., 2002. [35, 64б.]
4. Қазақстан тарихы. Алматы; 2002. [85, 640-б.]
5. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1993. [65,70б]
6. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі хақында. //Жұлдыз 1994. № 3. [25, 37б.]

НА ПУТИ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Ахметова Зибатуль Батырхановна
Дүйсенбай Арайлым Серікқызы
Мусафирова Сауле Аягановна
Шегенова Сания Амантаевна
СШ №19, г.Костанай

Аннотация

Біздің халықаралық деңгейде дамып келе жатқан Республикамыз әлемдегі жаңа үрдістерден тысқары қала алмайды. Өзекті мәселелердің бірі-біздің қоғам болып, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру ғана емес, өмір-өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда, бірақ белсенді, шындықты өзгерте отырып, оны жақсы жаққа қарай әсер ету.

Аннотация

Наша развивающаяся республика всё более уверенно заявляющая о себе на международном уровне не может оставаться в стороне от влияния новых тенденций. Одной из актуальных проблем нашего общества является формирование конкурентоспособной личности, готовой не только жить в меняющихся социальных и экономических условиях, но и активно влиять на существующую действительность, изменяя ее к лучшему.

Abstract

Our developing state more confidently announcing about itself on international level is not able to stand aside from the influence of new tendencies. One of the urgent problems of our society is